

**2024 жылдың 18-19 қазанда Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ университетінде өткен 6B01201 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» XVI Республикалық пәндік «Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіндегі жаңа талаптар мен жетістіктер» атты олимпиадасының қорытындысы**

Олимпиадаға КР жоғары оқу орындарының 6B013 – «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша күндізігі оқу бөлімінің 2-3 курс білім алушылары қатысты.

Команда құрамы – 4 білім алушыдан тұрды және команда жетекшісі болды.

**«Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіндегі жаңа талаптар мен жетістіктер» атты XVI Республикалық пәндік олимпиада төрт кезеңнен тұрды:**

**1-кезең.** «Біз қалаған мамандық» атты командалардың таныстырылуы. Командалардың мектепке дейінгі білім беру саласында жұмыс істейтін болашақ педагогтердің өз мамандықтарының маңызын ашуға, креативті жетілдіруге, командамен бірлесіп ортақ мәселенің шешімін табуға деген әлеуеттік мүмкіндіктері анықталады (5 минут).

**Ескерту:** Таныстырылымның дәстүрлі улгілеріне қараганда (өлең, ән-күй, би), жаңа форматтары құпталады.

**КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

- тәрбиеші мамандығының маңызын ашу - 3 ұпай;
- тақырыпқа сәйкестігі - 3 ұпай;
- қатысуышылардың сөйлеу мәдениеті - 3 ұпай;
- креативтілігі - 3 ұпай;
- регламентті сақтауы - 3 ұпай.

Ең жоғары баға - 15 ұпай.

**2-кезең. «Ойла да, ойна».** «Лайфхактер - ойын құралы ретінде» атты көрмеде командаларға сайысқа қажетті ойын-құралдары ұсынылады. Қатысуышылар кез-келген ойын түрін таңдай отырып, ойынның атауы мен міндеттерін анықтайды, ойынды құрау барысында балаларда бірнеше дағды (кем дегенде үш) көрініс табатындаі ойналу жолдарын түсіндіруі тиіс (5 минут, команда мүшелерінің ойынды ұйымдастыра білуі, командалық жұмыс нәтижесін көрсетуі).

**Ескерту командадан екі қатысуышы орындаіды.**

**КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

- тапқырлығы - 3 ұпай;
- шығармашылығы - 3 ұпай;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс

бағытын ескере отырып, баланың дағдылардың дамытуға бағытталғаны - 3 үпай;

Ең жоғары баға – 9 үпай.

**«Зияткерлік марафон»** тест (мектепке дейінгі педагогика, балалар психологиясы, әдістемелер бойынша тест. Тест ұзақтығы - 40 минут)

**МАҚСАТЫ:** Мектепке дейінгі пәндер бойынша теориялық білімдерін тест тапсырмалары арқылы дәлелдеу.

*Ескерту: Мектепке дейінгі педагогика, балалар психологиясы (2 курс білім алушылары үшін); Мектепке дейінгі педагогика, балалар психологиясы, нән әдістемелері бойынша (3 курс білім алушылары үшін).*

- тест сұрақтарының саны - 30;
- тестілеу уақыты - 40 минут;
- әр командадан 2 қатысушы;
- жалпы командалық үпай команданың барлық қатысушыларының жеке жетістіктері арасындағы арифметикалық орташа мәнді есептеу арқылы анықталады.

**КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

- әрбір дұрыс жауап үшін - 1 үпай;

Ең жоғары баға – 40 үпай.

**3 кезең. «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»** Команда мүшелері берілген қалдық заттардан (бөтелке қақпағы, пластмасса бутылка, бос әр түрлі қораптар, йогурт ыдысы тағы басқа әр түрлі заттар) үлгілік бағдарлама негізінде белгілі бір жас ерекшелігіне арналған бірнеше дағдыны (кем дегенде үш) қамтитын белгілі бір ойындар түрін дайындау. Ойынның ойналу шартын түсіндіріп өту. (15 минут).

**КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

- дайындалған құралдың үлгілік бағдарлама негізінде белгілі бір жас ерекшелігіне сәйкес дағдылардың қамтылуы - 3 үпай;
- орындалу шеберлігі - 3 үпай;
- құралдың практикалық маңыздылығы – 3 үпай.

Ең жоғары баға – 9 үпай.

**4 кезең «Ойын іс-әрекеті - біздің тәжірибеде» (үй тапсырмасы, бейне ұйымдастырылған іс-әрекет)**

Болашақ педагогтердің пәндік білімдерінің сапасын анықтауға, олардың педагогикалық іс-әрекетіне қажетті кәсіби тұлғалық әлеуеттерін жетілдіруге, командалық жұмыста өз-өздерін танытуына, ізденістік қабілеттерін шындауға, дарынды және қабілетті білім алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған шығармашылық сایыстың ұйымдастырылып өтуі. Мемлекеттік стандарт талаптары бойынша балалармен бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастырудағы кәсіби дайындықтарын танытуы (15 минут).

**КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кіріктірілуі (такырыбы мен мазмұнының сыйыстың белгіленген уақыттағы жыл мезгіліне, мерекелерге, балалар жас ерекшелігіне сәйкес келуі) - 3 үпай.

- Білім беруге енгізіліп жатқан жаңа әдістер мен тәсілдердің көрініс табуы - 3 үпай.

- Дамытушы орта қызметінің іс-әрекетті ұйымдастыруға қатысуы - 3 үпай.

- Ойын әрекетінің мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі әрекеті ретінде көрінуі - 3 үпай.

Ең жоғары баға – 12 үпай.

Олимпиада қатысушыларының білімін бағалау үшін әділ қазылар алқасы құрылды:

**Комиссия төрайымы:**

Жуманова Гаухар Сайлаубековна - п.ғ.к., «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы ШҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, олимпиада төрайымы.

**Комиссия мүшелері:**

1. Каримова Жанар Куматаевна - ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №106 «Қарлығаш» балабақша-бебекжайы» КМҚҚ-ның директоры;

2. Ильдебаева Индира Мухамедказымовна - ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №102 балабақша-бебекжайы» КМҚҚ-ның директоры;

3. Оралханова Айгерім Оралханқызы - ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша-бебекжайы» КМҚҚ-ның директоры;

4. Қасымова Аяужан Маратовна – п.ғ.м, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №1 «Балапан» балабақша-бебекжайы» КМҚҚ-ның әдіскери.

### **Олимпиадаға барлығы 13 ЖОО командалары қатысты.**

Олимпиаданың қорытындысы бойынша жеке есепте ЖБжФМ-нің мен командалық есепте Басқарма төрағасы – Ректордың дипломдары берілді.

**1. Жеке есепте Жоғары білім және ғылым министрлігі дипломдарымен марапаттау үшін төмендегі ЖОО-ның командалары ұсынылды:**

**I дәрежелі диплом:**

Корқыт ата атындағы Қызылорда университетінің командасы.

**II дәрежелі диплом::**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы;

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің командасы.

**III дәрежелі диплом:**

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы;

Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің командасы;

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің командасы;

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің командасы.

**2. Командалық есепте Басқарма төрағасы – Ректордың дипломымен төмендегі ЖОО-ы командалары марапатталды:**

**2 орын:**

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің командасы;  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің командасы.

**3 орын:**

Әзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің командасы;  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің командасы;  
Астана халықаралық университетінің командасы;  
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының командасы.

**3. XVI Республикалық пәндердік «Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіндегі жаңа талаптар мен жетістіктер» атты олимпиадасының төрт кезеңі бойынша номинациямен марапатталған ЖОО-ы командалары:**

**«Біз қалаған мамандық»** атты номинация - Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің командасы.

**«Ойла да, ойна»** атты номинация - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің командасы.


**«Зияткерлік марафон»** тест сайысы бойынша номинация - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы.

**«Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»** атты номинация - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің командасы.

**«Ойын іс-әрекеті - біздің тәжірибеде»** (үй тапсырмасы, бейне ұйымдастырылған іс-әрекет) практикалық сайысы бойынша номинация - Корқыт ата атындағы Қызылорда университетінің командасы.

Комиссия төрайымы:

Г.С.Жуманова



Ж.К. Каримова  
И.М. Ильдебаева  
А.О. Оралханова  
А.М. Қасымова

Комиссия мүшелері: